

егемен

Қазықстай

## Қанатқа қайрат, ұмтылысқа ұшқын

Қаншама уақыт өтсе де ескірмес, жұрт жүрегіне ыстық, қашанда жарқыраған қалпынан айнымас шоқтығы биік дәстүрлер болатындығы аян. Бұған дейін бірқатар өңірлерде өтіп, өндірісті аймаққа да жеткен Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған «Ел іші – өнер кеніші» телевизиялық байқауы өрелі өнерге ұмтылушы ізбасарлар аз еместігін, дара дарындарға кенделік жоқтығын тағы бір паш етті.

Ұлытау мен Қарқаралы, Ақтоғай мен Жаңаарқа, Нұра мен Шет аралығындағы кең байтақ өлке қаласы-ауылынан басқосқан 300-ге жуық бірі балғын, бірі сақа өнерпаз жүрек толқуы Кеншілер сарайын кернегендей, қыр өмірінің лебін, көркін есе келгендей еді. Ән-күй әуеніне әлдиленген әсем шаңырақ іші оның үстіне қылқалам, қолөнері талапкерлерінің туындыларымен жайнап-жарқырап келушілерді бірден баурап алды. Әсіресе, балқаштық мектеп оқушысы Ләззат Тынбаеваның «Құнанбай ауылы» картинасын қызықтаушылар аз болмады.

Мәдениет және ақпарат ми — нистрлігінің музыка және өнер басқармасының бастығы Нұрболат Ахметжанов қатысушылар алдында байқаудың басты мақсаты мен міндеті – халық арасындағы дарындарды жарыққа шығару, көркемөнерпаздар ұжымдарына және жеке орындаушыларға, жас таланттарға қолдау көрсету, жастардың отансүйгіштік қасиетін жаңғырту, ұлттық және әлем мәдениетіне жақындастыру болып табылатындығын айтып, осы жолы қай-қайсының да талаптарын барынша таныта алуына мүмкіндік кеңдігін білдірді.

Байқау шымылдығын Қарқаралы ауданының «Балқантау сазы» фольклорлық ансамблі ашты. Күй өнерінің көрнекті тұлғасы Тәттімбеттің «Саржайлауын» балбыратып толықсытқан көрікті өлке өнерпаздары облысқа көптен белгілі шеберліктерінен жаңылмады. Күй күмбірін жалғастырған жеке орындаушылар Батыржан Бозтаев, Есіл Еділбаев қара домбыраның құдіретін одан сайын құбылтты.

Өлкенің өнер қонған үлкен бір ошағы Ақтоғай мен Жаңаарқа аймақтары саналса, осы жақтың өкілдері әдеттегідей сұлу сазды әндерді әуелете шырқау ерекшеліктерімен тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырды. Ақтоғай кентіндегі Ә. Бөкейханов атындағы мектептің оқытушысы Самал Сыздықованың «Тоқырауын толқындары» ансамблі сүйемелдеуімен сыңғырлатқан халық әні «Шіркін-ай» тамаша таланттылықты байқатты. Орта арнаулы оқу орнын бітіріп, туған ауылына оралған жас қыз әншілік қырымен ортасының сәні мен көркіне айналыпты. Ал жаңаарқалық Бейімбет Сарымсақовтың Ақан сері әндерін нақышына келтіре айтуы байқаудағы өзгеше құбылыстай көрінді. Қарқаралылық Думан Несіпбаев орындауындағы

әндер Манарбек Ержанов сынды күміс көмейдің лайықты ізбасары жетіліп келе жатқандығына үміт тудырды.

Байқауға қатысушылар өнердің сан алуан түрлерін түлетушілер екенімен сүйсіндірді. Соның ішінде би жанрында Қарағандыдағы Мағжан Жұмабаев атындағы мектептің «Шолпан», экономикалық университеттің «Жайна», Теміртаудың «Вдохновение» үлгілі би ансамбльдері бұған дейін де көзге түсіп жүргендеріндей өзгелерден көш озық көрінді. Шетелдерге де танымал бұл ұжымдар Қазақстан халықтары билері өрнектерін әдемі құбылтты.

Қаладағы ең әсем әрі зәулім ғимаратты үш сағат ән мен күй әуеніне, би толқынына бөлеген, кылқалам талапкерлері мен ағаштан, темірден түйін түйген қолөнер шеберлері туындыларына баураған байқау аймақ талантты жастарға шоғырлы екенін айғақтап берді.

– Қазыналы әрі өнерлі Қарағанды аймағы талантты жастарға бай екеніне көзіміз тағы бір жетті. Іріктеу сынына іліккендер республикалық байқауда облыс мерейін асырмаса, олқы соқтырмасы анық. Шын өнер, тың талант қайтсе жарып шығады. Байқау мақсаты да сол, – деді қазылар алқасының төрағасы, ҚР еңбек сіңірген әртісі Алтынбек Қоразбаев.

Байқау соңында ол жергілікті өнерпаздардың үлкен тобына Мәдениет және ақпарат министрлігі мен облыстық мәдениет басқармасының Құрмет грамоталарын тапсырып, шығармашылық ізденістеріне табыс тіледі.

Айқын НЕСІПБАЙ,

«Егемен Қазақстан».

Қарағанды облысы.